қолданылатын сөздердің тек жай мәнін ғана емес, әдемілік қасиеттерін терең ұғынуы; 3) қазақтың өз тіліне ақынның мейлінше байлығы.

Сөйтіп, Абайдың шебер аудармашылығының негізінде ұлы талант орыс тілінің әдемілік күш, қасиетін терең ұғу, қазақтың өз тіліне байлық, оны таңдап, талғап ала білуде жатқандығын көреміз. Абайдың жалпы аудармаларымен байланысты тоқталуды керек ететін және бір мәселе: орыс әдебиетін терең білу және қазақшаға аудару «Абайдың өзіне не береді, қазақ әдебиетін дамытуда аудармалардың қандай мәні болады?» деген сұрақтарға жауап бере кетуді керек етеді…

Өлеңде бір сөз, екі сөзден құрылған және сөйлеушілердің мінез-құлқына тән, олардың бейнесін айқындауда үлкен мәні бар, әрі қысқа, әрі шебер құрылған диалогтардың көрнекті үлгілері қазақ әдебиетінде Абайдан басталады.

АБАЙДЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ: ТҮПНҰСҚА МЕН АУДАРМАНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Жүсіпов А.Е.
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

Абай орыс әдебиетін 1882 жылдан бастап аударған. Ең бірінші аудармасы - орыстың атақты ақыны Лермонтовтың «Бородино» атты патриоттық өлеңінен үзінді. Ең соңғысы - Лермонтовтың «Вадим» атты ұзақ әңгімесінің желісін, оқиғасын алып, өзінше қысқартып жазған поэма. Абай аудармаларын зерттеушілер қазір орыс әдебиетінен оның елуден аса аударған өлеңдері барлығын айқындап отыр. Олардың ішінде лирикасы да, баснясы (мысал өлеңдер) да, ұзақ өлеңдері де, сатиралық лирикалары да бар. (Солардың ішінде «Қарға мен түлкі» атты басня екі түрлі вариантта аударылған)

«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» – бұл Абай жасаған аударма. Авторы бұрын Лермонтов саналып, кейін Крылов деп түзетіліпті. Ал интернеттен қарасам, «слова Р. Левенштейна, перевод с немецкого В. Крылова» деп жүр. Егер бұл өлеңнің түпнұсқасы немісше болса, оның идеясы қандай болды екен, орысшаға аударылғанда өзгеріп кетпеді ме екен, тексеру керек. Бірақ Абайдың аударғаны осы орысша нұсқа болғандықтан, біз бұны түпнұсқа деп қараймыз.

Өлең түпнұсқада төрт шумақ та, Абайдың аудармасында бес шумақ. Бесінші шумақты Абай жанынан қосқан. Және де осы шумақты қосып қана қоймай, Абай жалпы идеяны өзгертіп, өлеңді мүлде басқа, биік деңгейге шығарып жіберген. Әрбір шумаққа жеке-жеке тоқталып көрейік.

Я видел березку: сломилась она...
Верхушкой к земле наклонилась она...
Но листья не блекли на тонких ветвях,

Пока не спряталось солнце в горах.
Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Түпнұсқада қайың жапырағы қураганын ғана айтады. Алдағы шумақтарда да табиғаттағы қайғыға душар болған жанды-жансыз жаратылыстар көп ұзамай өліп, тыншитынын айтады. Автор соларға қызығатынын білдіру үшін оқырманды солай дайындайды. Ал Абай сол қасіреттерден баянсыздық іздейді. Осы шумақта жапырақтың сарғайып бара жатқанын айтып, оған өзі жаны ашитынын көрсетеді. Абайдың дүниетанымында жапырақтың көп ұзамай өліп қалатыны өз алдына бір қасірет.

Автор қайыңның өлетінін айтады, ал Абайда қайыңның өліп бара жатқаны ғана бар.

Я бабочку видел с разбитым крылом:
Бедняжка под солнечным грелась лучом,
Стараясь и слабость, и смерть превозмочь,
Пока не настала холодная ночь.
Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан ғибарат алар жан бір бөлек-ті.

Бұл жерде түпнұсқа авторы көбелекке аяныш білдіреді. Бірақ түн келгенде тыныш тапқанына қызығады. Оның қызығатынын біз соңғы шумақтан білеміз. Бірінші шумақтағыдай, бұнда да соңғы екі жол соған дайындық.

Ал Абай өлгенше күн шуақта жылынған сынық қанат көбелектен ғибрат алу керек деп, өзін және басқа адамдарды өліп бара жатқан жаратылыспен тағы да байланыстырады. Абайдың түсінігінде дүние бір тұтас, ештеңе ештеңеден бөлек емес, бәрінің бір-бірінде ақысы бар. Кездейсоқ ештеңе жоқ, әр нәрседе ғибрат бар.

Және бірінші шумақтағыдай бұл жерде де автор көбелектің суық түн келгенше ғана жанталасатынын, яғни одан соң өлетінін айтса, Абайда өлім туралы сөз жоқ.

Стрелка видел я, как он лань подстрелил:
Животное пало в крови и без сил,
Со смертью бороться она не могла,
И жить перестала, как солнце зашло.
Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен,
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Тағы да солай. Киік күн батқанға дейін ғана қиналды ғой дейді. Ал Абайдың ойынша оның күйігі басқаларға да батуы керек. Кииктің қасіретін ол өзі сезеді, басқалардың сезбейтінін өз алдына бөлек қасірет деп қайғырады.

Алдағы екі шумақта автор өлімді меңзесе, бұл жерде ашық айтады. Ал Абай үшін оның күйігі ғана маңызды. Өлім туралы айтпайды.

Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня.
Но смерть и покой я напрасно зову
И с сердцем разбитым живу да живу.
Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік.
Жылы жүрек суыды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.

Автор сөзін ah ұрып бастайды. Ішіндегі запыранын бірден төгіп, эмоциясын жайып салады. Өйткені оның о бастан айтқысы кеп отырған сөзі – осы. Бұл тап-таза махаббат лирикасы. Өлгім келеді, бірақ өле алмаймын, ғашығым тастап кеткен қасіретпен әлі тірі жүрмін дейді. Өлімді аңсайды, бір жағы сол күйден ләззат алып, романтикамен айтады. Ал Абай бұған біршама салқын қанды қарайды. Жылы жүрек суыды, жара түсті деп күйін айтады да, шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік деп тағдырға бағынышты адам ретінде, мойынсұнады. Абай үшін өлімге асығу керек емес, Абай өлімнен қорықпайды да. Абай өлімге дейінгі жағдайдан ғибрат алады, соған қайғырады, айналып кеп мойынсұнады. Сөйтеді де түпнұсқада жоқ ауырлығы зіл батпан шумақты тастай салады.

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.

Автор ғашығым тастап кетпесе өмір керемет болар еді-ау дегендей сарынмен сөйлесе, Абай мәселенің өзегіне бір-ақ ұмтылады. Мәселе жарда да емес, мәселе махаббатта да емес, мәселе өмірдің баянсыздығында дейді. Жақсы көріп соңына түсетіндей нәрсе емес, адамдар ізгі емес, өзің де періште емессің, сондықтан бұл өмірде ойлы адамға қызық жоқ дейді. Бір мезгіл алданып, сыртыңмен елітерсің, бірақ жұрттан жасырған қайғың бәрібір ішіңде жатыр ғой дейді.

Автордың бар айтары ғашығым-ай деп ah ұру болса, Абайдың айтпағы дүниенің баянсыздығы. Бірақ Абай ah ұрмайды, шамадан тыс түңіліп, тілдемейді де, барды бар, жоқты жоқ деп қана айтады.

Ал енді, Абайдың өлімді айтпай, әр шумақта өлімге дейінгі аянышты хәлді ғана айтып отырғанында тағы бір сыр бар. Әр адам дүниеге келген соң, өлімге қарай бет алады. Бірақ ол көрешегін көрмей көрге бәрібір кіре алмайды. Құлаған қайың, сынық қанат көбелек, жаралы киік, жылы жүрегі суыған ғашық жігіт пен кез келген тірі адамның жағдайы бір

дейді. Бірақ, тағы да бір қайталап айту керек, Абай ештеңеден түңілмейді, оқырманын да түңілдіріп шошытпайды. Өлімге құмартпайды. Ол осы өмірге барынша объектив қарау керек екенін еске салады. Өйткені өмірден көп нәрсе күткен адам оған қол жеткізе алмай қор болатынын біледі.

Абайдың тіршілікке қатысты ойларын басқа өлеңдерден іздеу керек. Абайдың Пушкин мұрасынан тәржімалаған шумақтары туралы бізде айтылған пікірлер аз емес. Әрісі Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлынан, Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтан бастап, кейінгі әдебиетшілеріміздің талайы бұл турадағы ойларын ортаға салған. Бірақ туған әдебиетімізге көркем аударма дәстүрін тұңғыш рет енгізіп, соның тамаша үлгісін қалдырып кеткен Абай тағылымы жөнінде, біздегі аударма саласы барған сайын өрістеп, оның тәжірибесі молая түскен сайын, әлі де айтылар сөз аз болмаса керек.

Абайдың Пушкиннен аударғаны көп емес. «Евгений Онегиннен» іріктеп қазақша өлең еткені жеті ғана үзінді. «Онегиннің өлердегі сөзі» деген төрт жарым шумақты (он сегіз тармақ) Абай жанынан қосқан. Бары осы. Сонда мынадай сұрақ туады? Өзі кереметтей ләззат алып, таң-тамаша болған көлемді шығармадан үзіндіні неге аз алған? XIX ғасырдағы орыс өмірінің энциклопедиясы атанған бұл іргелі туындыны түгелдей немесе еңсере аударуға, әрине, Абайдың мүмкіндігі болған жоқ. Және ол қажет те емес еді. Өйткені Ресейдегі дворян қауымының жарқылдақ өмірі мен сән-салтанатты сарайларының көп қыртысты жұмбақ тұрмысы, қаншама майлап берсең де, ондайды көріп білмеген көшпелі қыр қазағына қызықты болмас еді.

Абай шумақтары – еркін аударма. Балғын жас орыс қызының фәк жүрегінен жарып шыққан риясыз сезімінің ыстық лебін жеткізгенде, Абай казақ қызының аузына дәл сондай әсерлі сөздерді ұлттық ұғым-түсініктің елегінен өткізіп, соншалықты табиғи тән, жатық етіп жеткізеді. Мұнда өлеңнің әрбір жолын, әрбір шумағын жолма-жол, сөзбе-сөз аудару жоқ. Бірак сөйтсе де, түпнұсқадағы ағынан жарылып ашық айтылған әрбір ой, әрбір сыр аудармада дәл мағынасын тауып, үстінен түсіп отырады.

Я к вам пишу — чего же боле?
Что я могу еще сказать?
Теперь, я знаю, в вашей воле
Меня презреньем наказать.
Но вы, к моей несчастной доле
Хоть каплю жалости храня,
Вы не оставите меня…
Амал жоқ — қайттім білдірмей,
Япырмау, кайтіп айтамын.
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.
Талайсыз, бақсыз мен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан,

Қорлыққа көндім бұл ғұрлы,
Байқалар халім бұл хаттан.

Сонымен бірге осы шумақтардан да және кейінгі мәтіндерден де біз тек жатықтықты, табиғилықты ғана емес, мағынаның толымды төлемін ғана емес, сонымен бірге сөзбе-сөз дәлдікті де көре аламыз. Мысалы:

Другой!.. Нет, никому на свете
Не отдала бы сердца я!
То в вышнем суждено совете…
То воля неба: я твоя;
Вся жизнь моя была залогом
Свиданья верного с тобой;
Я знаю, ты мне послан богом,
До гроба ты хранитель мой…
Өзгеге ешбір дүниеден
Еркімен тимес бұл жүрек.
Әзелде тағдыр иеден
Қожам сенсің, не керек.
Тіршілігім – құрбандық,
Шыдамай сені кергенше,
Тәңірімнен келген бұл жарлық,
Ием сенсің өлгенше.

Жоғарыда ұлттық ұғым-түсінік деген сөздерді ауызға алдық. Адамның туа біткен мінез-құлқы мен табиғи тұрмыс жағдайына байланысты ерекшеліктер де осы қатарға жатады десек, аударма жолдарда оның да айқын мысалдарын көреміз.

Сначала я молчать хотела;
Поверьте: моего стыда
Вы не узнали никогда,
Когда бы надежду я имела
Хоть редко, хоть неделю раз
В деревне нашей видеть вас.
Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп, мен жанып,
Айында бірер көрсем де.

Байқасақ, Пушкинде Татьяна Онегинді аптасында бір көрсем де риза болар едім дейді. Ал Абайда: «Айында бірер көрсем де»,– деп тұр. Сонда Абай апта мен айды айыра алмағаны ма? Жоқ, олай емес, сөздің мағынасына тереңірек үңілейік. Отырықшы елде күн сайын бірін-бірі сан рет көретін шағын деревняның адамдары үшін аптасына бір көру — әжептәуір мерзім. Ал көшіп жүріп, малдың өрісіне қарай әр таудың қуысында, алыс ормандарды немесе өзен-көлдерді сағалап, бір-бірінен шалғай отыратын ауыл адамдары апта түгіл айында бір көріссе де тәуба дер еді. Абай соны ескерген.

Ұлттық психологияға байланысты тағы бір мысал. Татьяның Онегинге жазған алғашқы хатында: «Егер сіз көзіме көрінбесеңіз, алаңсыз жүре беріп, түбінде өз жөнімді бір табар едім», — деген мағынада наз айтатыны бар ғой. Түпнұскада ол тармақтар былай болып келеді:

Души неопытной волненья,
Смирив со временем (как знать?),
По сердцу я нашла бы друга,
Была бы верная супруга
И добродетельная мать.
Асау жүрек кайнамай,
Жуасыр ма еді кезінде.
Елден бір жақсы сайламай,
Бармас па ем ерге өзім де.

Қазақтың балиғатқа жетпеген жас қызы бір орайда ерге шығуды қысылғаннан айтса айтар, ал мен де бала көтеріп ана болармын деген сөзді естіртіп айту түгіл, ойға да алмайтын шығар. Сондықтан оны Абай аудармаған.

Ал Онегинге қайтарған жауабының аудармасындағы:

Өз қораңның қақпасын сен
Қатты жаптың, не айтайын.
Жат қораның кақпасын мен
Жастанамын, қайтейін.
Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де сорлы бақыты кем, - деген екі шумақты Абай жанынан қосқан. Мұхтар Әуезов кезінде мұны аударманың тым қазақшалап жалпақтап кеткен кемшілігі деп санаған.

Абайдың Пушкиннен аударған үзінділері жастарды қалыңмал құрсауынан босанып шығып, таза сезімнің романтикасына шақырар алдындағы шығармашылық шабыттың дайындығы секілді болып көрінеді бізге.«Евгений Онегин» романынын Абай аударған үзінділері жөнінде корыта айтқанда, Онегин бейнесі туралы ерекше бір пікір білдіру қажет. Тегінде, Абай Онегинге Пушкиннен гөрі көбірек іш тартатын сияқты. Оны Онегиннің өлердегі сөзі деп өз жанынан жеке өлең арнағанынан байқаймыз. Онегиннің Пушкин айтқан теріс мінездерін жұкартқаны өз алдына, Абай оны Татьянаға қайтадан ғашық болғанда тым үздіктіріп жіберетіні бар. Сен енді жібімесең өлемін деген сөзді ол бірнеше рет қайталайды. Сондықтан оны Абай қайта оянған махаббаттың құрбаны еткісі бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Қажым Жұмалиев.* Абай аудармалары және оның тілі (Интернеттен алынды) www.kazakhadebieti.kz
2. *Арман Әлменбет* - фейсбук парақшасынан алынды.
3. *Қажым Жұмалиев. Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – С. 61- 68.*
4. *Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер/ Құрастырған филология ғылымының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллин. – Алматы:-Жазушы, 1986. - 173-194-беттер*
5. *Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Том 19 / Жауапты шығарушылар Л.Әуезова, Т.Әкімов. - Алматы: Жазушы, 1985. – 6-12-беттер.*
6. Проблемы современного сравнительного литературоведения// Под редакцией Вишневской Н.А. и Михайлова А.Д. – М.: ИМЛИ РАН, 2004. – С. 23-27.
7. *Адибаев М.* Х. Двадцать стихотворений Абая. –Алматы, 2005.- 286 с.
8. *Бельгер Г.* Почему трудно переводить Абая? – http://abai-inst.kz /rus/?p=150.

АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ӘЛЕМ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зайсанбаева Г.Н,
«Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Амангелді А.А.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақ даналық ойларының қайнар көздері Абай мен Шәкәрім шығармалары адам болмысына қатысты мәселелердің барлығын қамтиды десек қателеспейміз. Қос ойшылдың қай туындысын алмасақ та, ондағы айтылған өсиеттердің барлығы адамның өмірлік мақсат-мұратын айқындауда темірқазық іспетті. Осы ретте, ғұламалардың сөз саптауларындағы астарлы ой иірімдерінде адам жанына қатысты атаулардың қолданысы қандай деген сұраққа кеңінен тоқталғымыз келеді.

Қазіргі таңда адамның «көзі ашық, көкірегі ояулығы» оның білімділігін растайтын құжаттарымен өлшенбейтіндігіне күнделікті тіршілік барысында сан мәрте көз жеткіземіз. Адам болмысын құрайтын адамның рухани әлемі Абай қарасөздерінде жақсылық пен жамандық, адамдық пен надандық, еңбекқорлық пен жалқаулық сынды ақ пен қараның бітіспес майдан алаңы ретінде танылады. Абай өз айтарын